

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ




6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (қазақ тілтануы)
(ғылыми және педагогикалық бағыт)
мамандығы бойынша түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша түсу емтиханының бағдарламасы кафедра мәжілісінде қарастырылып, «24» мамыр 2017 ж. № 10 хаттамамен бекітілді.

Кафедра меңгерушісі

 А.Б.Бейсенбай

Астана-2017

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша қабылдау емтиханының мақсаты мен міндеттері

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша қазақ тілі пәнінен қабылдау емтиханы магистратураға түсушілердің бакалавриатта алған білімдерін тексеру үшін өткізіледі.

Қабылдау емтиханының бағдарламасына қазіргі қазақ тілінің фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология және синтаксис салаларына, сондай-ақ қазақ әдеби тілінің тарихы, қазақ тілінің тарихи грамматикасына байланысты маңызды сұрақтар енгізілді.

Қабылдау емтиханының *мақсаты* – болашақ магистранттардың ҚР МЖМББС-на сәйкес 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқу жоспарындағы оқу пәндеріне дайындық деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының *міндеттері*:

1. Қазақ тіл білімі бойынша қарастырылуға тиісті тақырыптар, олардың теориялық және практикалық маңызы, салалары жөнінде терең білуі;

2. Лингвистикалық негізгі ұғымдарды, олардың қажеттілігін, зерттеу нысандарын, қарастыратын мәселелерін зерттеудің әдіс-тәсілдері мен әдіснамалық негіздерін танудың мүмкіндіктерін білуі қажет;

3. Қазақ тіл білімінің салаларына қатысты терминдер мен ұғымдардың мәнін терең түсіну, тілдің тарихи қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланысын қарастыру арқылы даму сипатын, лингвистикадағы қазіргі жаңа бағыттар мен салаларды, олардың теориялық мәселелерін жетік білуі қажет.

Бағдарлама сұрақтары міндетті пәндердің негізгі мазмұнын қамтиды. Қазақ тілі мен әдебиет мамандығына магистратураға түсушілердің білім деңгейін және ғылыми дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

2. Магистратураға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Магистратураға түсушілердің төмендегідей білім, дағдылары болуы қажет:

1. Қазақ тіл білімінің салалары бойынша ғылыми түсінігінің болуы; лингвистикалық білімнің кәсіби білім беру контексіндегі маңызын түсіну; оның даму үдерістері мен қағидаттарын ажырата алу; Интернет дереккөздерін өз деңгейінде пайдалана білу.

2. Қазақ тіл білімінің теориялық мәселелеріне қатысты тұжырымдар мен ғылыми болжамдарды дәстүрлі әдіс-тәсілдер арқылы талдау мен бағалауға; лингвистикалық білім қорын кұзыреттілікпен пайдалану және соған бейімделе білуге; шет тілін қарым-қатынас және таным кұралы ретінде пайдалануға, тілдерді меңгеру деңгейін арттырып, қолданыс аясын кеңейтуге өзіндік жеке қабілетінің болуы.

3. Лингвистикалық мәселелерді шешуде оның проблемалық тұстарын анықтай білу, өзекті деп танылатын мәселелерді бөліп алу, қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, сөзжасам, грамматика салаларындағы өзекті мәселелерді қазіргі инновациялық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен анықтау.

4. Теориялық лингвистиканың гуманитарлық ғылымдар аясындағы іргелі мәселелерін меңгеру, ғылыми-терминологиялық қорын игеру қабілетін қалыптастыру; қазақ тілтануының қазіргі қалпы мен даму бағыттарын түсіну.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

1. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы – 2 кредит
2. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, сөзжасам, морфология) – 2 кредит
3. Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлемі мен құрмалас сөйлемі – 2 кредит

4. Емтиханға дайындалатын пәндер бойынша тақырыптар тізімі

Бағдарлама мамандық бойынша қабылдау емтиханына дайындалуға арналған. Емтихан билеттеріндегі сұрақтар бағдарламада көрсетілген тақырыптардан ерекшеленеді.

1. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы

1. Қазақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелуі.

2. Дауысты дыбыстар, түрлері. Тілдің қатысына қарай жуан, жіңішке, жақтың қатысына қарай ашық, қысаң, еріннің қатысына қарай еріндік, езулік дауысты дыбыстар болып бөлінуі.

3. Дауыссыз дыбыстар. Дауыс пен салдардың қатысына қарай үнді, ұяң, қатаң болып бөлінуі.

4. Үндестік заңы. Дыбыстар мен буындардың үндесуі туралы түсінік. Үндестік заңының негізгі түрлері. Сөз құрамындағы буындардың бірыңғай жуан немесе жіңішке, еріндік болып үндесу себебі. Дыбыстардың өзгеруі мен үндесуі.

5. Дыбыс үндестігі: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал. Буын үндестігі: тіл, ерін үндестігі. Тіл үндестігі бойынша сөздің барлық буындарының бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып үйлесуі. Тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.

Ерін үндестігі. Сөз ішіндегі еріндік дауыстылардың үндесуі. Бейімдестік. Дауысты-дауыссыз дыбыстардың үндесуі. Дауысты дыбыстың орналасу тәртібіне байланысты ілгерінді, кейінді аккомадация түрлері.

6. Буын. Буынның жасалуы. Буынға тән белгілер. Буынның түрлері. Буынның дыбыстық құрамы. Сөздің буын құрамы. Буын және тасымал.

7. Екпін. Екпін туралы түсінік. Екпін мен ырғақ, ырғақтың маңызы. Екпін мен ырғақтың сөз мағынасын саралау қызметі.

8. Орфография. Орфографияның негізгі принциптері, артықшылықтары мен қиындықтары. Бірге және бөлек жазылатын сөздер. Кірме сөздердің емлесі.

9. Орфоэпия. Орфоэпияның әдеби тілдегі орны. Орфоэпиялық норманың негізгі өлшемдері. Орфография мен орфоэпияның арақатысы.

2. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы

1. Сөз туралы түсінік. Сөздің атауыштық қызметі.

2. Ұғым: түрлері, мазмұны мен көлемі.

3. Сөз мағынасының түрлері. Лексикалық мағына, типтері.

4. Сөз мағыналарының өзгеруі. Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер. Полисемия. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу себептері. Метафора. Метонимия. Синекдоха.

5. Қазіргі қазақ тілі лексикасының шығу арналары. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы. Терминдер және кәсіби сөздер. Төл сөздер мен кірме сөздер. Диалектизмдер. Фразеологизмдер. Мақал-мәтелдер.

6. Лексикография. Сөздіктер. Сөздердің шығу тегі. Ономастика. Этимология.

7. Қазіргі қазақ тілі лексикасының стильдік мәні, қолданылу аясы.

8. Фразеология және оның өзіндік белгілері, түрлері. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы. Фразеологизмдер және ұйытқы сөздер.

9. Фразеологизмдердің сөз таптарына қатысы.

10. Фразеологизмдердің көп мағыналылығы. Фразеологиялық синонимдер және антонимдер. Фразеологиялық варианттар.

11. Фразеологизмдердің шығу арналары.

12. Фразеологизмдердің сөздіктерде берілуі.

3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы

1. Сөзжасам – тіл білімінің дербес саласы. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы.

2. Тілдің сөзжасамдық жүйесі.

3. Сөзжасамдық бірліктер: сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам.

3. Сөзжасам тәсілдері.

4. Сөзжасамдық мағына, оның түрлері, ерекшелігі.

5. Туынды сөздер, түрлері.

6. Күрделі сөздер, түрлері.

7. Сөз таптарының сөзжасамы: зат есімдер сөзжасамы, сын есімдер сөзжасамы, сан есімдер сөзжасамы, етістіктер сөзжасамы, үстеулер сөзжасамы.

4. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

1.Сөздің грамматикалық мағынасы. Грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық мағынаның түрлері, берілу тәсілдері. Грамматикалық форма. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі. Нөлдік форма. Грамматикалық категориялар, түрлері, сөз таптарына қатысы.

2. Морфема және оның түрлері. Түбір морфема. Белгілері. Сипаты. Қосымша морфема: жұрнақ және жалғау. Жұрнақтар. Құрамы. Жұрнақтардың мағыналық түрлері: омоним, синоним, антоним және көп мағыналы жұрнақтар. Жалғаулар. Оларға тән белгілер, түрлері. Көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулары.

3. Қазақ тіліндегі сөз таптары және сөздерді таптастырудың негізгі қағидаттары.

4. Зат есімдердің жалпы сипаты, негізгі грамматикалық белгілері. Көмекші есімдер. Лексика-грамматикалық сипаты. Түрлері.

5. Сын есім. Негізгі грамматикалық белгілері. Сын есімнің шырай категориясы, жасалу жолдары.

6. Сан есім: түрлері, құрамы, мағыналық топтары. Ерекшелігі.

7. Есімдіктің сөз табы ретіндегі сипаты, мағыналық топтары, сөз таптарымен байланысы. Түрлену ерекшеліктері.

8. Етістік. Негізгі грамматикалық белгілері. Көмекші етістіктер. Түрлері. Ауыспалы және арнаулы көмекші етістіктер. Қызметі.

9. Етістіктің грамматикалық категориялары. Есімше, көсемше, қимыл атауы. Аналитикалық етістіктер, ерекшелігі. Аналитикалық форманттар, құрылымы, түрлері.

10. Үстеу, негізгі грамматикалық белгілері. Мағыналық топтары. Үстеуге тән ерекшеліктер. Негізгі және туынды үстеулер.

11. Еліктеуіш сөздер. Еліктеуіш сөздердің фонетика-морфологиялық сипаты. Мағыналық топтары.

12. Шылау. Шылаудың түрлері. Септеуліктер. Демеуліктер. Жалғаулықтар.

13. Одағайлар. Одағайлардың түрлері, мағыналық-интонациялық ерекшеліктері. Негізгі және туынды одағайлар.

14. Модаль сөздер. Модаль сөздердің сөз табы ретіндегі ерекшелігі, басқа сөз таптарымен арақатынасы. Түрлері.

5.Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

1. Қазақ тілі сөйлем жүйесінің зерттелуі.

2. Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің құрылысы. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу формалары. Сөз тіркестерінің синтаксистік қатынасы. Есімді, етістікті және ортақ басыңқылы сөз тіркестері.

3. Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Жасалуы. Құрамы. Ерекшеліктері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Үйірлі мүшелер.

4. Жай сөйлем, құралымдық ұйысымы. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі. Ерекшеліктері. Жасалу жолдары. Бір негізді және екі негізді жай сөйлемдер. Жалаң, жайылма сөйлемдер. Жақты, жақсыз сөйлемдер. Толымды, толымсыз сөйлемдер. Атаулы сөйлем. Ерекшеліктері, жасалу жолдары. Күрделі жай сөйлемдер. Айқындауышты сөйлемдер. Қыстырма сөйлемдер. Көсемше оралымды және есімше оралымды сөйлемдер. Қаратпалы оралымды сөйлемдер.

5. Құрмалас сөйлем, грамматикалық табиғаты, түрлері. Салалас құрмалас сөйлем. Жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдер. Ерекшеліктері. Жасалу жолдары.

6. Көп құрамды салалас құрмалас сөйлем. Ерекшеліктері. Жасалу жолдары.

7. Сабақтас құрмалас сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Грамматикалық белгілері. Байланысу амалдары.

8. Аралас құрмалас сөйлемдер. Грамматикалық ерекшелігі. Құрамына және байланысу тәсіліне қарай түрлері.

9. Күрделі синтаксистік тұтастық. Тізбекті және параллель байланысты күрделі синтаксистік тұтастық. Күрделі синтаксистік тұтастық және абзац.

6. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

1. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәнінің мақсаты, міндеттері, зерттелуі, нысаны. Грамматиканың басқа түрлерінен ерекшелігі.

2. Тарихи фонетика мәселелері. Қазақ тілі дыбыстық жүйесі дамуының негізгі ерекшеліктері.

3. Көне түркі тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесі. Сингармониялық параллельдер. Редукция, элизия, екпін, сингармонизм.

4. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы, зерттеу нысаны, салалары, зерттелуі.

5. Қазақ тілінің тарихи сөзжасамы, зерттеу нысаны, өзге пәндермен байланысы, негізгі заңдылықтары.

6. Қазақ тілі тарихи морфологиясының негізгі мәселелері. Түбір сөздің даму тәсілдері. Сөз таптарының даму тарихы. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу сөз таптарының қалыптасуы.

7. Қосымшалардың шығу тарихы.

Білімді бағалау өлшемдері мен құзыреттілігі

Билет 3 сұрақтан тұрады:

1- сұрақ - 35 балл

2- сұрақ - 35 балл

3- сұрақ - 30 балл

Барлығы: 100 балл

% мөлшер	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Түсу емтиханының емтиханның бағалау критерийлері	Бағалаудың дәстүрлі түрі
		1-сұрақ - 35 балл	
33-35	A	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, ойын айқын әрі қисынды, өзіндік көзқарас-пікірлерімен сабақтастырып жеткізе алады. Терминдер дұрыс қолданылады.	Өте жақсы
30-32	A-	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, ойын айқын, жүйелі түрде, кең көлемде мазмұндай алады.	Өте жақсы
27-29	B+	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, негізгі ережелердің мағынасын ашады, ойын жеңіл түрде мазмұндай алады.	Жақсы
24-26	B	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, негізгі ережелердің мағынасын ашады. Терминдер дұрыс қолданылады, кейбір грамматикалық қателер жібереді, ойын қиналмай жеткізеді.	Жақсы
21-23	B-	Білім алушы берілген сұраққа теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, негізгі ережелердің мағынасын ашады, бірақ кейбір дәлсіздіктер жібереді. Қате пайымдаулар орын алған жағдайда, комиссияның жетекші сұрақтары арқылы өз жауабын түзете алады.	Жақсы
17-20	C+	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермей, тақырыпқа қатысты жекелеген түсініктердің мағынасын ашады. Тақырыпты жалпылама білгеніне қарамастан, кейбір терминдерді қолдануда қателіктер жібереді. Ойын жеткізуде жүйесіздік байқалады.	Қанағаттанарлық
13-16	C	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермейді, тақырыпқа қатысты кейбір ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Комиссияның жетекші сұрақтарымен түзетілген қателерді жібереді.	Қанағаттанарлық
9-12	C-	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермейді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың негізгі мазмұнын ашпайды. Ойын жеткізуі жүйесіз.	Қанағаттанарлық
5-8	D	Білім алушы сұраққа толық жауап бермейді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың басты мазмұнын ашылмайды, елеулі теориялық, практикалық қателер жібереді. Терминдер дұрыс қолданылмайды.	Қанағаттанарлық
0-4	F	Білім алушы сұраққа өте нашар жауап береді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың басты мазмұнын ашылмайды, көптеген теориялық, практикалық қателер	Қанағаттанарлықсыз

		жібереді. Ойын жеткізуде қатты қиналады. Оқытушының жетекші сұрақтарын түсінбейді.	
		2-сұрақ - 35 балл	
33-35	A	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, ойын айқын әрі қисынды, өзіндік көзқарас-пікірлерімен сабақтастырып жеткізе алады.	Өте жақсы
30-32	A-	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, ойын айқын, жүйелі түрде, кең көлемде мазмұндай алады.	Өте жақсы
27-29	B+	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, негізгі ережелердің мағынасын ашады, ойын жеңіл түрде мазмұндай алады.	Жақсы
24-26	B	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, негізгі ережелердің мағынасын ашады. Терминдер дұрыс қолданылады, кейбір грамматикалық қателер жібереді, ойын қиналмай жеткізеді.	Жақсы
21-23	B-	Білім алушы берілген сұраққа теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, негізгі ережелердің мағынасын ашады, бірақ кейбір дәлсіздіктер жібереді. Қате пайымдаулар орын алған жағдайда, комиссияның жетекші сұрақтары арқылы өз жауабын түзей алады. Ойын біршама қиналмай жеткізеді.	Жақсы
17-20	C+	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермей, тақырыпқа қатысты кейбір ережелердің мағынасын ашады. Тақырыпты жалпылама білгеніне қарамастан, кейбір терминдерді қолдануда қателіктер жібереді. Ойын жеткізуде жүйесіздік байқалады.	Қанағаттанарлық
13-16	C	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермейді, тақырыпқа қатысты кейбір ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Комиссияның жетекші сұрақтарымен түзетілген қателерді жібереді.	Қанағаттанарлық
9-12	C-	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермейді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың негізгі мазмұнын ашпайды. Терминдерді қолдануда қателіктер жібереді.	Қанағаттанарлық
5-8	D	Білім алушы сұраққа толық жауап бермейді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың басты мазмұны ашылмайды, елеулі теориялық, практикалық қателер жібереді. Ойын жеткізуде қиналады.	Қанағаттанарлық
0-4	F	Білім алушы сұраққа өте нашар жауап береді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың басты мазмұны ашылмайды, көптеген теориялық, практикалық қателер жібереді. Терминдер дұрыс қолданылмайды. Ойын жеткізуде қатты қиналады. Оқытушының жетекші сұрақтарын түсінбейді.	Қанағаттанарлықсыз
		3-сұрақ - 30 балл	
28-30	A	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық	Өте жақсы

		жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, ойын айқын әрі қисынды, өзіндік көзқарас-пікірлерімен сабақтастырып жеткізе алады.	
25-27	A-	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, ойын айқын, жүйелі түрде, кең көлемде мазмұндай алады.	Өте жақсы
22-24	B+	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, меңгерілген білімнің жиынтығын көрсетіп, негізгі ережелердің мағынасын ашады, ойын жеңіл түрде мазмұндай алады.	Жақсы
19-21	B	Білім алушы берілген сұраққа ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, негізгі ережелердің мағынасын ашады. Терминдер дұрыс қолданылады, кейбір грамматикалық қателер жібереді, ойын қиналмай жеткізеді.	Жақсы
16-18	B-	Білім алушы берілген сұраққа теориялық, практикалық жағынан толық жауап береді, негізгі ережелердің мағынасын ашады, бірақ кейбір дәлсіздіктер жібереді. Қате пайымдаулар орын алған жағдайда, комиссияның жетекші сұрақтары арқылы өз жауабын түзей алады. Ойын біршама қиналмай жеткізеді.	Жақсы
13-15	C+	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермей, тақырыпқа қатысты кейбір ережелердің мағынасын ашады. Тақырыпты жалпылама білгеніне қарамастан, кейбір терминдерді қолдануда қателіктер жібереді. Ойын жеткізуде жүйесіздік байқалады.	Қанағаттанарлық
10-12	C	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермейді, тақырыпқа қатысты кейбір ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Ойын жеткізуде жүйесіздік байқалады. Комиссияның жетекші сұрақтарымен түзетілген қателерді жібереді.	Қанағаттанарлық
7-9	C-	Білім алушы берілген сұраққа толығымен жауап бермейді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың негізгі мазмұнын ашпайды. Терминдерді қолдануда қателіктер жібереді. Ойын жеткізуі жүйесіз.	Қанағаттанарлық
4-6	D	Білім алушы сұраққа толық жауап бермейді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың басты мазмұны ашылмайды, елеулі теориялық, практикалық қателер жібереді. Терминдер дұрыс қолданылмайды. Ойын жеткізуде қиналады.	Қанағаттанарлық
0-3	F	Білім алушы сұраққа өте нашар жауап береді, нақты ережелерді айта алмайды, сұрақтың басты мазмұны ашылмайды, көптеген теориялық, практикалық қателер жібереді. Терминдер дұрыс қолданылмайды. Ойын жеткізуде қатты қиналады. Оқытушының жетекші сұрақтарын түсінбейді.	Қанағаттанарлықсыз

Қабылдау емтиханының нәтижесін бағалау өлшемдері

Бағаның әріптік	Бағаның сандық	Бағаның пайыздық	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
-----------------	----------------	------------------	-------------------------------

белгіленуі	баламасы	өлшемі	
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

7. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1992.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013.
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1984.
5. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971.
6. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1995.
7. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2004.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
9. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013.
10. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
11. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014.
12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
13. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1975.
14. Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы, 2002.
15. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.
16. Қазақ тіл білімі бойынша қорғалған диссертация авторефераттарының библиографиялық көрсеткіші (1950-2000 жылдар). – Алматы, 2003.
17. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
18. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен

фразеологиясы. – Алматы, 2006.

19. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.

20. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008.

21. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999

22. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994.

23. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006.

24. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Оқу құралы. Екінші басылым. – Алматы, 2006.

25. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998.

26. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана, 2001.

27. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004.

28. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, 1998.

29. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984.

30. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.

31. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2008.

32. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004.

33. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. – Алматы, 2002.

34. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1998.

35. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.

36. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

37. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. Алматы, 2002.

38. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1966.

39. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014

40. Момынова Б., Саткенова Ж. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Есімдер. – Алматы: Арыс, 2007.